

**ЖШС «NURSULTAN 7
ясли-сад»
балабақшасы
БҰЙРЫҚ**
e-mail: nursultan7sadik@mail.ru

**Детский сад
«NURSULTAN 7
ясли - сад» ТОО
ПРИКАЗ**
e-mail: nursultan7sadik@mail.ru

«26» тамыз 2025

«26» август 2025

БҰЙРЫҚ №24

**«Педагогикалық әдеп Кеңесін
құру туралы»**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 34-1 тармағына сәйкес «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5- бабының 3-тармағына және 16-бабының 1-тармағы және 2020 жылғы 11 мамырдағы ҚР Білім және Ғылым министрлігінің №190 және «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 09.09.2020 жылғы № 562 бұйрығы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025-2026 оқу жылында төмендегі құрамда Педагогикалық әдеп Кеңесі құрылсын:

Кеңес төрағасы : Муканғалиева А.А.

Мүшелері: Шағала тобының тәрбиешісі Қалиева З

Ертегі тобының тәрбиесіші – Дюсебаева М.Р.

Педагог-психолог – Садыкова Д.Р.

Медбике – Жумабисова Т.О.

Музыка жетекшісі – Құттымұрат А.Т.

Ертегі тобының тәрбиешісі – Утегенова А.С.

2. 2025-2026 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп Кеңесінің жұмыс жоспары құрылып, бекітілсін. (қосымша №1)

3. Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы « Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» № 190 бұйрығы және Педагогикалық Кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары негізге алынсын.

4. Педагогикалық әдеп Кеңесінің хатшысына ертегі тобының тәрбиешісі А.С.Утегеноваға тағайындалсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Балабақша меңгерушісі:

А.Т.Тажиданова



«Бекітілді»
ЖШС «Nursultan 7 ясли-сад» балабақшасының
менгерушісі А.Т.Тажиданова *Тажиданова*
« 10 » *сәуір* 2025 ж.

**ЖШС «Nursultan 7 ясли-сад» балабақшасы»
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің
жұмыс жоспары**

№	Іс-шаралар	Мерзімі
1	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің I – отырысы: 1. Әдеп жөніндегі кеңестің құрамын бекіту 2. «Педагогикалық әдеп қағидалары мен негізгі нормалары» 3. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарын құру және бекіту	Қыркүйек айы
2	Педагогикалық әдеп нормаларын бұзудың алдын алу бойынша жұмыстар жүргізу, педагогтер арасында кеңестер оқу	Жыл бойы
3	Баяндама: «Педагогикалық әдеп дегеніміз не?» (Қалилаева А.Н.)	Қыркүйек айы
4	«Педагогикалық шеберліктің белгілері» (Утегенова А.С.)	Қараша айы
5	Педагогикалық әдеп нормаларының сақталуы бойынша мониторинг жүргізу	Жыл бойы
6	«Ұстаздың кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп» (Қалиева З.)	Желтоқсан айы
7	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің II – отырысы: 1. Педагогикалық әдеп қағидалары мен негізгі нормаларының сақталуы 2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары бойынша белгіленген шаралардың орындалуы	Қаңтар айы
8	«Ұстаздарға жаднама» (Қалилаева А.Н.)	Ақпан айы
9	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің III – отырысы: 1. Педагогикалық әдеп қағидалары мен негізгі нормаларының сақталуы 2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары бойынша белгіленген шаралардың орындалуы	Наурыз айы
10	«Педагогикалық техника дегеніміз не?» (кеңес) (Қалиева З.)	Мамыр айы
11	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің IV – отырысы: 1. Педагогикалық әдеп қағидалары мен негізгі нормаларының сақталуы 2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын қорытындылау	Мамыр айы

ЖШС «Nursultan 7 ясли -сад» балабақшасы
2025-2026 оқу жылы
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің I – отырысы
Хаттама №1

Өткізілген күні: 11.09.2025 ж.

Қатысты: 25

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы
2. Кеңес мүшелерімен Педагогикалық әдеп қағидалары мен негізгі нормаларын және Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын талдау
3. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарын құру және бекіту.

Отырыстың барысы:

ЖШС «Nursultan 7 ясли -сад» балабақшасының тәрбиешісі Мукангалиева А.А.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы негізінде бөбекжай-балабақша жанынан 2023 жылғы 31 тамызда педагогикалық кеңес отырысында Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы бекітілгенін және осы оқу жылында да осы құрамда жұмыс жасалатынын айтты.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Мукангалиева А.А. кеңес мүшелерімен бірге Педагогикалық әдеп қағидаларын қайта атап өтті: «Педагогикалық әдеп қағидалары (бұдан әрі -Педагогикалық әдеп) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының және «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес әзірленді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына негізделген. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- 1) Адалдық;
- 2) Әділдік;
- 3) жеке тұлғаның абыройын және қадір-қасиетін құрметтеу;
- 4) патриотизм;
- 5) жалпы адами құндылықтарды құрметтеу және төзімділік;
- 6) кәсіби ынтымақтастық;
- 7) үздіксіз кәсіби даму».

Әр қағидатына сипаттама берді.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын талқылай отырып, кеңестің негізгі міндеттерін атады:

«Кеңестің негізгі міндеттері:

1) педагогикалық әдептің бұзылу мониторингі, профилактикасы және оның алдын алу;

2) білім беру ұйымы ұжымының адамгершілік-психологиялық ахуалын жақсартуға, педагогикалық әдептің бұзылуына байланысты даулы жағдайларды реттеуге ықпал ету;

3) педагогтердің жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу;

4) педагогикалық әдепті бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды қарау және олардың негізінде білім беру ұйымының басшысына ұсынымдар әзірлеу болып табылады».

Ары қарай Кеңестің жұмысын ұйымдастырудың негізгі ережелерін туралы айтты.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Муканғалиева А.А. кеңестің жұмыс жоспарын құруды ұсынды. Кеңес мүшелері арасында жұмыс жоспары талқыланып, құрылды.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы Муканғалиева А.А. кеңес мүшелерін бірлесе жұмыс жасауға шақырды.

Шешім:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес келесі құрамда жұмыс жасасын:

Муканғалиева А.А. – төрағасы

Мүшелері: Даулетова М.Е

Қалилаева А.Н.

Оңдаш А.

Құттымұрат А.Т.

Қалиева З.


Сексенбаева К.Е.

Хатшы: Утегенова А.С.

2. Жұмыс барысында Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары басшылыққа алынсын

3. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін

4. Жұмыс жоспарында көрсетілген шаралар уақытылы жүргізілсін.

Кеңестің төрағасы: 

Муканғалиева А.А.

Хатшы: 

Утегенова А.С.

ЖШС «Nursultan 7 ясли-сад» балабақшасы
2025-2026 оқу жылы
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің II – отырысы
Хаттама №2

Өткізілген күні: 16.01.2026 ж.

Қатысты: 25

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық әдеп қағидалары мен негізгі нормаларының сақталуы
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары бойынша белгіленген шаралардың орындалуы
3. Әртүрлі мәселелер

Отырыстың барысы:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы Муканғалиева А.А. отырысты аша отырып, күн тәртібімен таныстырды.

Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мен нормаларына қайта тоқталды: «Педагогтер қызметтік және қызметтік емес уақытта:

педагогикалық әдептің негізгі принциптерін сақтайды; өзінің қызметтік міндеттерін адал және сапалы орындайды; өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді, өз бетінше білім алу және өзін-өзі жетілдірумен белсенді түрде айналысады; еңбектәртібін бұлжытпай сақтайды; білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарайды және оны жеке мақсатта пайдаланбайды; сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралар қабылдайды, өзінің шыншыл, адал және әділ мінез-құлқымен үлгі болады; ...» Осы қағидалардың қатаң сақталуын, педагог атына сай келмейтін қылықтарды жасамау қажеттігін ескертті.

Біздің балабақшада педагогикалық әдеп қағидалары мен негізгі нормаларының сақталуы бойынша осы уақытқа дейін ешқандай даулы жағдайлардың болмағанын және педагогикалық әдептің бұзылуы жөнінде ешқандай арыз түспегенін айтты. Және де барлық педагогтердің педагогикалық әдеп қағидалары мен негізгі нормаларымен таныстырылғанын, педагогтер арасында педагогикалық әдеп жөнінде баяндамалар оқылып, кеңестер беріліп отырғанын айтты. «Педагог» деген жоғары атаққа сай болып, осы педагогикалық әдеп нормаларын әрқашан сақтап жүруге шақырды.


Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарын қарастыра отырып, онда көрсетілген шаралардың орындалуы бойынша талқылады.

Шешім:

1. Жұмыс барысында педагогикалық әдеп қағидалары мен негізгі нормалары сақталсын
2. Педагогикалық әдеп қағидалары мен негізгі нормаларының қатаң сақталуын қамтамасын ету мақсатында жұмыстар жүргізілсін
3. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары бойынша белгіленген шаралардың орындалуы қамтамасыз етілсін

Кеңестің төрағасы:

Хатшы:

Мукангалиева А.А.

Утегенова А.С.

ЖШС «Nursultan 7 ясли-сад» балабақшасы
2025-2026 оқу жылы
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің III – отырысы
Хаттама №3

Өткізілген күні: 22.05.2026 ж.

Қатысты: 25

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық әдеп қағидалары мен негізгі нормаларының сақталуы
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары бойынша белгіленген шаралардың орындалуы
3. Әртүрлі мәселелер

Отырыстың барысы:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы Симанова Ш.К. отырысты аша отырып, күн тәртібімен таныстырды. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары бойынша педагогтер арасында «Педагогикалық әдеп дегеніміз не?», «Педагогтің кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп», «Педагогикалық шеберліктің белгілері», «Педагогикалық техника дегеніміз не?», «Ұстаздарға жаднама» тақырыптарында баяндамалар оқылып, әдеп бойынша кеңестер беріліп отыратынын айтты. Педагогтердің бірі-бірімен қарым-қатынасы туралы пікірлер айтылды.

Педагогикалық әдеп қағидалары мен негізгі нормаларының сақталуы бойынша осы уақытқа дейін ешқандай даулы жағдайлардың болмағанын және педагогикалық әдептің бұзылуы жөнінде ешқандай арыз түспегенін айтты.


Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері педагогикалық әдеп жөнінде өз пікірлерін айтты және кеңестің жұмыс жоспарында көрсетілген шаралардың орындалуы бойынша талқылады.

Шешім:

1. Жұмыс барысында педагогикалық әдеп қағидалары мен негізгі нормалары сақталсын
2. Жұмыс барысында педагогикалық әдеп қағидалары мен негізгі нормаларының қатаң сақталуын қамтамасын ету мақсатында жұмыстар жүргізілсін
3. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары бойынша белгіленген шаралардың орындалуы қамтамасыз етілсін

Кеңестің төрағасы:

Хатшы:

Муканғалиева А.А.

Утегенова А.С.

ЖШС «Nursultan 7 ясли-сад» балабақшасы
2025-2026 оқу жылы
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің IV – отырысы
Хаттама №4

Өткізілген күні: 25.08.2026 ж.

Қатысты: 25

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық әдеп қағидалары мен негізгі нормаларының сақталуы
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары бойынша белгіленген шаралардың орындалуы
3. Әртүрлі мәселелер

Отырыстың барысы:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы Симанова Ш.К. отырысты аша отырып, күн тәртібімен таныстырды. Педагогикалық әдеп қағидалары мен негізгі нормаларының үнемі сақталып отыратынын айтты. Және де педагогикалық әдеп қағидалары мен негізгі нормаларының сақталуы бойынша осы уақытқа дейін ешқандай даулы жағдайлардың болмағанын және педагогикалық әдептің бұзылуы жөнінде ешқандай арыз түспегенін айтты.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары бойынша педагогтер арасында баяндамалар оқылып, әдеп бойынша кеңестер беріліп отыратынын айтты.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері жұмыс жоспарында көрсетілген шаралардың орындалуы бойынша талқылап, қорытындылады.

Шешім:

1. Жұмыс барысында педагогикалық әдеп қағидалары мен негізгі нормалары сақталсын
2. Жұмыс барысында педагогикалық әдеп қағидалары мен негізгі нормаларының қатаң сақталуын қамтамасын ету мақсатында жұмыстар жүргізілсін
3. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары бойынша белгіленген шаралар «орындалды» деп қорытындылансын

Кеңестің төрағасы:

Хатшы:

Мукангалиева А.А.

Утегенова А.С.